

Тақырып 8. “Кәсіпорынның және өнімнің бәсекеге қабілеттілігі”

1. Бәсеке және бәсекеге қабілеттілік - қоғамның дамуының қозғаушы күштері

2. М.Портердің бәсекелік артықшылықтарының теориясы

Мақсаты – бәсеке, бәсеке қабілеттілік, компаниялар мен олардың шығаратын өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің түсініктерін, бәсекеге қабілеттілікке әсер ететін факторлар мен оны бағалау әдістемесін қарастыру.

Негізгі тұжырымдамалар

1. Бәсеке және бәсекеге қабілеттілік - қоғамның дамуының қозғаушы күштері

Ең алдымен **бәсеке, бәсеке қабілеттіліктің экономикалық мәнін ашып** қарастырайық.

Бәсеке - тиімді нәтижеге жету үшін жүретін экономикалық жарыс, пайданы мол алу үшін тауар өндірушілердің бір-бірімен күресі.

Қазіргі экономикалық жағдайда нарықта бәсекеге қабілеттілік өте маңызды. Ішкі нарықта өз тауарларымыздың бәсекелесуі тауардың сапасын арттыруға, кәсіпкерлердің тұтынушыларға жақсы сатып алу жағдайын жасауға ынталандырады.

Қазақстан экономикасын жақсартудың өте сенімді жолдарының бірі өндіріс сапасын жақсарту.

Нарықтық бәсеке кәсіпкерлердің өндіріс қабілеттілігін арттырып, одан ары сыртқы нарықта қалай жұмыс істеуге үйретеді.

Нарықта бәсеке болса екі жақта ұтады, сатып алушылар сапасы жоғары тауар алады, ал өндірушілер бәсекелестік жағдайында шыңдалады.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі - ел экономикасы мен оның даму перспективасын анықтайтын басты көрсеткіш.

Елдің бәсекеге қабілеттілігі салалар мен кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігіне тікелей байланысты., фирмалар мен компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі шығаратын өнімдерінің (қызметтер мен жұмыстар) бәсекеге қабілеттілігіне тығыз байланысты болып табылады.

Ұлттық бәсекелік артықшылықтарды анықтайтын факторлар:

- Білім беру және халықтың денсаулығын қорғау
- Ғылымның дамуы, ақпараттық ортаның мүмкіндіктері
- Қоршаған ортаның тазалығы мен жоғары өмір сүру сапасы
- Жаңа технологиялық укладтың негізгі өндірістік-техникалық жүйелерінің серпінді дамуы

Елдің бәсекеге қабілеттілігін қалай өлшеуге болады?

Оны өлшеудің қарапайым әдістерінің бірі жан басына шаққандағы ЖІӨ. Бұл көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ел және оның азаматтары бай, өмір сүру сапасы жоғары болып саналады.

Дамыған 30 елдің қатарына кіруі үшін Қазақстанның жан басына шаққандағы ЖІӨ кемінде 27000 АҚШ долл. құрауы тиіс.

Бәсекеге қабілеттіліктің басты көрсеткіші -халықтардың өмір сүру сапасы мен оның жоғары деңгейі

Бәсекеге қабілеттілік - өнеркәсіптік өнімнің құндық және сапалық параметрлерін ғана қамтымай, сондай-ақ кәсіпорын қызметіндегі инвестиция мен инновациялық басқаруға, менеджмент деңгейіне тәуелді жан-жақты ұғым.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі-тауарлардың тұтынушы қажеттілігін жоғары деңгейде қанағаттандыруын және осының арқасында нарықта өз орнын табуы. Басқаша айтқанда, бұл тұтынушының талғамына сай келетін және оның сатылуын қамтамасыз ететін өнімнің қасиеттері.

Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігі мәселесін толығырақ бағалау үшін оның критерийлері (өлшемдері) мен көрсеткіштеріне баға беру керек. Критерийлердің келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

Бірінші критерий - кәсіпорынның өндірістік қызметінің тиімділігі. Осы критерий бойынша кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін бағалау мынадай көрсеткіштер тобын қарастырады: өндірістік үрдістерді басқару тиімділігі; өндірістік шығындардың үнемділігі; негізгі еңбекті ұйымдастыру; өнімді өндіру; технологияның жетілгендігі.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің екінші критерийі - кәсіпорынның қаржылық жағдайы, яғни: мүліктік жағдайды бағалау; кәсіпорынның өтімділік және қабілеттілік көрсеткіштері; қаржы тұрақтылығы көрсеткіштері; іскерлік-белсенділік көрсеткіштері; кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтиже көрсеткіштері.

Үшінші критерийіне тауар қозғалысы мен өткізуді ұйымдастырудың тиімділігі жатады. Бұл критерий келесі көрсеткіштермен сипатталады: дайын өнімнің жиналып қалу коэффициенті; сату рентабельділігі; өндірістік қуаттарды жіктеу коэффициенті; жарамдылықтың тиімділігі.

Кәсіпорын өнімінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар

- Баға;
- Сапалық;
- Жаңалық дәрежесі;
- Жарнама;
- Пайдалану сенімділігі;
- Көркемдеу, мәнерлеу;
- Буып-түю, қораптау т. б.

Экономист Трубилин бәсекеге қабілеттіліктің факторларын сыртқы, сапалық және экономикалық деп бөлген.

Оның пікірінше, сыртқы факторларға экономика мен нарықтың даму үрдістері, ғылыми техникалық ілгерілеу, тұтыну құрылымындағы өзгерістер, нарық құрылымы және бәсекелестер құрамы жатады.

Сонымен қатар, мұнда кәсіпорынның имиджі мен танымалдылығы, өндіруші мемлекеттің беделі де үлкен мәнге ие.

Екінші топ факторлардың қазіргі қолданыстағы стандарттар, мөлшерлер, ұсыныстар анықтайтын өнімнің қауіпсіздігі, ұзақ мерзімге сақталынуы да осы топқа кіреді.

Өнімнің сапасын анықтау халықаралық стандарттау ұйымының талабымен жүргізіледі.

Бәсекеге қабілеттілікке әсер ететін үшінші топтағы факторларға өнімнің өзіндік құны мен бағасын қалыптастыратын экономикалық көрсеткіштер жатады

2. М.Портердің бәсекелік артықшылықтарының теориясы

Өнімнің бәсеке қабілеттілігін бағалау келесі жүйелілікпен асады:

1. нарықты талдау;
2. тауарға нарықтық талаптарды қалыптастыру;
3. салыстырудың көрсеткіштер базасын таңдау;
4. тауарлар мен өнімдерді бәсеке қабілеттіліктің жеке және интегралды көрсеткіштер бойынша бағалау;
5. бәсеке қабілеттілік туралы қорытынды жасау

М. Портердің пайымдауынша кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін анықтайтын **5 бәсекелік күш** бар:

1. Жаңа бәсекелестердің ену қаупі
2. Тұтынушылардың саудаласу қабілеттері
3. Бәсекелес кәсіпорын арасындағы тартыс
4. Алмастырушы тауарлар-қызметтердің ену қаупі
5. Жабдықтаушылар-дың сауда жасау қабілеттілігі



1-сурет. М. Портердің кәсіпорындардың бәсеке қабілеттілігін анықтайтын 5 бәсекелік күші

М.Портер саладағы фирманың позициясын бәсекелік артықшылық анықтайды деп есептейді.

Бәсекелік артықшылық 2 түрге бөлінеді:

1) Өте төмен шығындар – бәсекелесіне қарағанда салыстырмалы аз шығынмен тауарлар мен өнімдер шығару, сату қабілеттілігі.

2) Дифференциация – тұтынушыларды жаңа, тұтынушылық қасиеттері ерекше тауарлармен немесе сатудан кейінгі қызмет көрсету түрінде бірегей және құндылығы жоғары тауарлармен қамтамасыз ету.

1-кесте. Фирмалардың типтік стратегиясы

		Бәсекелік артықшылық	
		Төмен шығындар	Дифференциация
Бәсеке ауқымы	Кең мақсат	Шығындарды үнемдеу арқылы көшбасшылық	Тауар сапасының дифференциациясы
	Шағын мақсат	Шығындарға көңіл бөлу	Фокустық дифференциация

Фирмалардың типтік стратегиясы, егер мақсат ауқымы кең, шығындар төмен болса, бұл жағдайда шығындарды үнемдеу арқылы көшбасшылық стратегиясына сәйкес келеді.

Бәсекеге қабілеттілікті бағалау кезінде қолданылатын параметрлер номенклатурасы екі жалпы қорытылған топты қамтиды:

- сапа параметрлері (техникалық)
- экономикалық параметрлер.

Техникалық топқа қажеттілік параметрлері жатады,

Оларға мыналар жатады:

- қызметтік параметрлері;
- эргономикалық параметрлері;
- эстетикалық параметрлер;
- нормативтік параметрлер.

Нарықтық ортадағы кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін бағалаудың тиімді әдісі – эксперттік бағалау мен тұтынушылардан оның беделі, танымалдылығы туралы мәліметтерді сұрау нәтижесінде алған ақпараттар саналады.

Ендігі кезекте, тұтынушылардан эксперттік сұрау нәтижесінде 5 балдық жүйе бойынша кәсіпорынның нарықтағы бәсеке қабілеттілігін анықтау керек.

- Кәсіпорынның нарықтағы бәсеке қабілеттілігінің деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін бағалаудың тағы бір әдісі бар, ол - өндірілген өнімнің жекелей, топтық және интегралдық көрсеткіштерін бәсекелес өнімнің сәйкес көрсеткіштерімен салыстыру.

- Жекелеген көрсеткіштер (q_i) өнімнің техникалық немесе экономикалық параметрлерінің бәсекелес өнімнің тиісті сипаттарына пайыздық қатынасын көрсетеді.

- Топтық көрсеткіштер (G) эксперттік жолмен анықталған маңыздылық коэффициенттер арқылы (кәсіпорын мамандары анықтаған) жекелеген көрсеткіштерді топтық параметрлері бойынша (техникалық, экономикалық, эстетикалық сипаты) жинақтайды.

Интегралды көрсеткіш техникалық параметрлері бойынша топтық көрсеткіштің экономикалық параметрлер бойынша топтық көрсеткішіне қатынасын көрсетеді.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін келесі факторлардың жоғарылату жолдары қарастырылуы тиіс.

Бұл факторлар өнімді зерттеуде өзіндік сипаттары бойынша 4 топқа бөліп қарастырылады:

Бірінші топ - өнімнің сапасын арттыру шаралары немесе кәсіпорынның сапа жүйесін жетілдіру.

Екінші топ - өнімнің бағасын қалыптастыру немесе баға саясатын реттеу.

Үшінші топ - өнімнің тартымдылығын арттыру немесе кәсіпорын маркетингті жүйесін жетілдіру.

Төртінші топ - өнімнің бәсекелік қабілетін қамтамасыз ету немесе өндірісті мемлекеттік қолдау.

Өндіріске инновациялық және ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу, алдыңғы қатарлы озық технологияларды пайдалану тек өнімнің сапалық қасиеттерінің жақсаруына ғана емес, шикізат пен материалды үнемді пайдалануға, сонымен қатар оның баға бәсекелесу жағдайындағы өтімділігін арттыруға да серпін береді

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Давильбекова Ж.Қ. Кәсіпорын экономикасы [Электронный ресурс] : оқулық / Ж. Қ. Давильбекова; Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті. - Электрон. текстовые дан. (4,91 Мб). - Алматы : ҚазҰТУ, 2014. - 251 б.
2. Еркебалаева, В. З. Кәсіпорын экономикасы [Электронный ресурс] : оқу құралы / В. З. Еркебалаева, Е. А. Қожабеков, Е. А. Бакиров. - Электрон. текстовые дан. (5,53 Мб). - Шымкент: Әлем, 2017. - 212 б.
3. Экономика предприятия (организации) [Электронный ресурс] : учебник / О.В. Баскакова, Л.Ф. Сейко. — Электрон. дан. — Москва: Дашков и К, 2017. — 372 с. — Режим доступа: <https://e.lanbook.com/book/93428>
4. Куатова Д.Я. Экономика предприятия: практический курс: Учебное пособие. – Алматы: Издательство «Дәуір». – 2015.
5. Экономика предприятия: учебник. Практикум / В.Д. Грибов, В.П. Грузинов. - 7-е изд., перераб. и доп. — М.: КУРС: ИНФРА-М, 2017. — 448 с. - Режим доступа: <http://znanium.com/catalog>
6. Экономика предприятия: учеб. пособие / О.И. Волков, В.К. Складенко. — 2-е изд. — М.: ИНФРА-М, 2016. — 264 с. — (Высшее образование: Бакалавриат). - Режим доступа: <http://znanium.com/catalog>
7. Баймұқашева М.Қ. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы. Атырау, 2019.- 204 б. (электронды ресурс)
8. The Economics of the Modern Construction Firm. Stephen L. Gruneberg and Graham J. Ive First published 2000 by MACMILLAN PRESS LTD Houndmills, Basingstoke, Hampshire RG21 6XS

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. Кәсіпорын өнімін стандарттау:
 - А) Тұтынушылардың қажеттілігін тиімді қанағаттандыру
 - В) Берілген көрсеткіштерге сәйкестігін анықтау және алынған нәтижелердің қойылатын талаптарға сай болуын анықтайтын шаралар жиынтығы
 - С) Өндіріс бойынша өнім өндіру мәселесін шешу
 - Д) Өнім өндіру үшін міндетті және ұсынылатын талаптары, нормаларды, ережелерді, сипаттамалар жасау және бекіту
 - Е) Өндірістік процесс бойынша бақылауды ұйымдастыру шараларын бекіту
2. Шаруашылық субъектінің бәсекеге қабілеттілігі:
 - А) өзінің қаржылық, өндіру және еңбек әлеуетін тиімді пайдалана отырып, бәсекеге қабілетті өнім шығаратын кәсіпорындар
 - В) энергия, материал және ақпараттарды алу, қайта өңдеу, жіберу және қолдану үдерісінде адамның қатысын ауыстыру арқылы техникалық құралдарды қолдану
 - С) сапа талаптарын қанағаттандыру, оның ішінде жобалау-конструкторлық және өзара шарттық талаптарға сай келуі үшін пайдаланылатын әдістер мен қызметтер жиынтығы
 - Д) ғылыми-техникалық прогрестің эволюциялық дамуы
 - Е) Кәсіпорынның меншікті қаражаттарын жұмсау мүмкіншіліктері
3. Өнімнің белгілі бір сұранысты қамтамасыз ететін қасиеттерінің жиынтығы:
 - А) Өнім сапасы
 - Ә) Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі
 - Б) Сапа көрсеткіштері

- В) Стандарттар
Г) Факторлар
4. Өнеркәсіптік өнімнің құндық және сапалық параметрлерін ғана қамтымайтын, сондай-ақ кәсіпорын қызметіндегі инвестиция мен инновациялық басқаруға, менеджмент деңгейіне тәуелді жан-жақты ұғым.
- А) Өнім сапасы
Ә) Бәсекеге қабілеттілік
Б) Сапа көрсеткіштері
В) Стандарттар
Г) Рентабельділік
5. Өнімнің дәмін, түсін, иісін т.б. қасиеттерінің жиынтығы:
- А) қызметтік параметрлері;
Ә) эргономикалық параметрлері;
Б) эстетикалық параметрлер;
В) нормативтік параметрлер.
Г) экономикалық параметрлер
- 6 Өнімнің сыртқы пішінін, формасын, тауарлық түрін қамтамасыз ететін көрсеткіштер:
- А) Эстетикалық көрсеткіштері
Ә) Сенімділік көрсеткіштері
Б) Эргономикалық көрсеткіштері
В) Технологиялық көрсеткіштері
Г) Қауіпсіздік көрсеткіштері
- 7 Өнімді жөндеу, сақтау, тасымалдау, шығару, қолдану кезіндегі қауіпсіздікті сақтаудың көрсеткіштері:
- А) Қауіпсіздік көрсеткіштері
Ә) Сенімділік көрсеткіштері
Б) Эстетикалық көрсеткіштері
В) Эргономикалық көрсеткіштері
Г) Технологиялық көрсеткіштері
- 8 Өнімдердің төзімділігін, ұзақ уақыт сақталуын, жөндеуге жарамдылығын көрсететін көрсеткіштер:
- А) Сенімділік көрсеткіштері
Ә) Эстетикалық көрсеткіштері
Б) Эргономикалық көрсеткіштері
В) Технологиялық көрсеткіштері
Г) Қауіпсіздік көрсеткіштері

Дұрыс жауаптары:

1. д)
2. а)
3. а)

- 4. ə)
- 5. ə)
- 6. a)
- 7. a)
- 8. a)